


Махамбет ауданы



Махамбет ауданы - **Атырау облысының** орталық бөлігінде орналасқан аудан. Орталығы - **Махамбет ауылы**. Облыс орталығынан 70 шақырым жерде «Атырау-Орал» күре жолының бойында орналасқан. Ауданға 10 ауылдық округ, 23 елді мекен қарайды.

Тарихы

Қазақ халқының тарихындағы ең елеулі оқиға - Қазақ Автономды Республикасын құру туралы Декреті жариялануы. 1919 жылдың 10 шілдесінде В.И. Ленин «Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі Революциялық Комитетін құру туралы» РКФСР-ның Халық Комиссарлары Советінің Декретіне қол қойды. Осы Декрет бойынша ревкомның басқаруындағы аумақтар құрамына Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары мен Астрахань губерниясы кірген болатын. Осыдан бір жылдан соң, яғни 1920 жылдың 21 шілде сінде Орал революциялық Комитеті Президиумының шешімімен Гурьев уезі болыстарының тізімі бекітілді. Осы бекітілген шешімдегі 20 болыстың бірі болып Жаманқала болысы да Гурьев уезі құрамына енгізілді.

1920 жылдың 4 қаңтарында Жаманқалада Кеңес өкіметі орнады. Сол жылы Гурьев уезінде 23 болыс қараған. 1923 жылы 28 маусымда болыстарды ірілендіру жүргізіліп, Гурьев уезінде 11 болыс қалды. Жаманқала болысы Зелений болысымен бірге Қызылқоға болысына қосылады. Бұл 1923 жылғы 5 шілдеде Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетінің шешімімен бекітіледі. Сарайшық болыстық комитетінің төрағасы Кирилл Ермаков Редут, Тополи, Кандаур селоларындағы және осы Жаманқалаға қарасты басқа да ауылдардағы қазақтар өз қатарын көбейтті. Гурьев уездік милициясының бастығы Сарайшықта тұратын 29 жасар Василий Яшков өзінің қол астындағы кеңес өкіметіне қарсылық көңіл күйдегі қызметкерлерді біріктіріп, бүлікшілікке даярлады.

1920 жылдың 5-6 қаңтар күндері Сарайшық, Новобогат селоларында, сол қаңтар айында Редут, Сорочинко, Кандаур, №8, №13 сияқты ауылдарда селолық кеңестер құрылды. Гурьев уезі бойынша 23 болыстық кеңестер құрылған болса, оның үшеуі Есбол, Самар, Редут қазіргі Махамбет ауданы көлемінде болды. Редут болыстық Кеңесі әуелі 1920 жылдың 30 қаңтар күні 4-армияның өкілі Черечиннің қатысуымен сайланып, орталығы Сарайшық болып белгіленіпті. Есбол болыстық Кеңесі Жайықтың сол жақ бетіндегі жоғарыдан бастап №13 ауылға дейінгі елді қамту негізінде құрылған. Самар болыстық Кеңесінде Бесарал, Таңқы, Сарайшық, Жалғансай, Бақсай, Жаманқала кеңестері қарайды. Сол жылғы 17 қыркүйекте Редут, Сарайшық, Жалғансай, Жаманқала т.б жерлерден балықшылардың шағын артельдері ашылған.

1927 жылы Жайықтың оң жағындағы орыс селолары Горыдан (қазіргі Аққала) Кандаурға (қазіргі Алмалы) дейінгі 13 село бір орталыққа бағынып, станицалық атқару комитетінің төрағалығына 34 жастағы коммунист Ф.Котов сайланады. 1925 жылғы мына мәліметтерге көз жүгіртер болсақ, сол жылдарда Тополинск болыстық атқару комитетіне төмендегідей Советтер қараған. № Селолық Кеңестер атауы Селолық Кеңестер орналасқан жер атауы Аула саны Халық саны

1. Яманхалинск Яманка 210 109
2. Бақсай Бақсай 96 603
3. Қарманов Қарманов 85 545
4. Тополи Тополи 165 840
5. Зеленый Зеленый 215 876
6. Өрлік Өрлік 168 767
7. Кулагин Кулагин 186 850
8. Горский Горы 152 796
9. Харкинский Харкин 183 821
10. Красноярский Краснояр 166 878

Қазақ атқару комитетінің 1928 жылғы 17 қаңтардағы VI шақырылған 11-ші сессиясының қаулысымен Гурьев округі құрылып, оның құрамына алты аудан-Жаманқала, Есбол, Доссор, Жилкоса, Қызылқоға, Теңіз аудандары енгізілді. Сонымен Жаманқала ауданы Тополи болысының Харкин, Краснояр Советінсіз Редут болысының Сорочинко, Сарайшық, Редут, Кандаур селолық Советтерінен, Қарасамар болысының 7-ші ауылдық Кеңесінен құрылды. Мінеки Махамбет ауданының тарихы осыдан басталады. Орталығы болып Яманка ауылы белгіленген. Аудан құрылған жылы 2 пошта-телефон бөлімшесі, 3 клуб, 4 медпункт, 14 бірінші басқышты мектеп, 1 жеті жылдық мектеп болған.

Бүкілодақтық Орталық Комитеті 1930 жылы 23 шілдесіндегі қаулысымен округтерді жойып, аудандарды ірілендіру жүргізілді, нашар дамыған аудандар жойылды. Есбол, Новобогат және Жаманқала аудандары бірігіп, Гурьев ауданын құрады. Ауыл шаруашылығындағы социалистік реформаны жедел жүргізуге 1928-31 жылдардағы әкімшілік-аумақтық бөлінулер өз ықпалын тигізеді деген мақсат қойылған еді. 1930 жылдың 17 желтоқсаны мен 1933 жылдың 1 шілдесі аралығында Гурьев ауданы Батыс Қазақстан облысына қараса, 1933 жылдың 1 шілдесінен құрамында 4 ауданы бар Гурьев округі қайта құрылды. Қазақстан Орталық Атқару Комитеті алқасының 1938 жылғы 4 ақпандағы қаулысымен Гурьев округі жойылып, Гурьев облысы құрылды. Оның әкімшілік жер аумағы Гурьев облысының атқару комитетінің шешімімен бекітілді. Сонымен 1938 жылдың 15 қаңтарында құрылған Гурьев облысының құрамында Бақсай, Есбол, Жилкоса, Мақат, Маңғыстау, Теңіз аудандары енгізілді. Екінші рет құрылған Бақсай ауданы бұл жолы Жайық өзенінің екі бетіндегі ауылдарды қамтитын болды. Яғни ауданға Гурьев ауданынан Жаманқала, Жалғансай, Редут, Сарайшық, Сорочинко, Қызыл Жұлдыз, Алға, Тегісшіл, Еңбекшіл, Жаңа шаруа, Жаңа тұрмыс, Бақсай, Манаш, Жанбай, Таңдай селолық және ауылдық Кеңестері, Есбол ауданынан Топайлы, Зеленый, Карманов, Қазбек, Құмшығанақ, Қарашығанақ, Қызылүй, Жаңа күш, Есбол, Дуаберген, Кетешағыл ауылдық және селолық Кеңестерінің жері қарайтын болды. Аудан орталығы болып Яманка поселкесі белгіленген. 1938 жылғы 28 қаңтарда өткізілген Гурьев округтік атқару комитеті Бақсай ауданын құру жөніндегі ұйымдастыру бюросының мүшелерін бекіткен болатын. Онда бюро төрағасы болып Т.Шырдабаев, оның орынбасары болып Филиппов, мүшелері болып Х.Тастайбеков, Спиридонов, Айсин бекітілген.

Бақсай аудандық партия конференциясы 1938 жылдың 5-6 мамырында өткізілді. Яғни 5 мамыр күні 17 сағаттан кешкі 22-ге дейін бір кезеңі өткізілсе, келесі күнге екінші кезеңі жалғастырылған. Конференцияда Бақсай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Тастайбеков Хайрош, екінші хатшы болып Харченко Федор Федорович, үшінші хатшысы болып Аманиязов Құлымжан сайланған. Жеті адамнан тұратын аупартком бюросының құрамына Х.Тастайбеков, Ф.Харченко, Қ.Аманиязов, Л.Спиридонов, Т.Шырдабаев, А.Адресов, Баевтар сайланады. Ауданның алғашқы атқару комитетінің төрағасы Тымықбай Шырдабаев болды. Төрағаның орынбасары әрі жоспарлау бөлімінің бастығы болып Филиппов, қаржы бөлімінің меңгерушісі болып Е.Айсин, аудандық денсаулық бөлімінің меңгерушісі болып К.Байғожина, ауаткомның жауапты хатшысы болып К.Доцанов, жер бөлімінің бастығы болып Д. Бисенов, халық шаруашылығы есебінің инспекторы болып Нұрғалиевтер сайланған. Аудандық комсомол комитетінің хатшысы болып ілкіде С.Есқалиев, кейіннен Х.Мырзағалиев сайланған. 1939 жылы Новобогат ауданының құрылуына байланысты Бақсай ауданынан Бегайдар, Жамбыл, Жамбай, Кетешағыл, Манаш, Новобогат ауылдық Кеңестері бөлініп шықты.

1963 жылдың 2 қаңтарында Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесі Президиумның Жарлығымен Есбол және Бақсай аудандары біріктіріліп, олардың негізінде Махамбет ауданы құрылды. Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының 15 маусым 1963 жылғы Жарлығымен бұрынғы Яманка поселкесі Махамбет болып өзгертілді. 1963 жылғы 3 қарашада Гурьев облысының атқару және партия комитеттері бюросының қаулысымен Балықшы өнеркәсіптік ауданының таратуына байланысты ол аудандағы ауылдық және селолық Кеңестер Махамбет ауданына берілді.

1957 жылы Новобогат ауданы таратылып Бақсай ауданына қаратылған еді, араға 20 жыл салып, 1977 жылғы ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен қайтадан Новобогат ауданы құрылды. Мұндай таратылу мен қосылымдар 1988 жылдың шілдесінде де болды. Алдымен Балықшы, Новобогат ауданы таратылып, Махамбет ауданына берілді. 1991 жылы ол екі аудан бұрынғы өз шекараларында қалдырылды.